

Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша
Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына

Анықтама

Бақылау негізі: 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау.

Тексеру мерзімі: наурыз айы

Бақылау нәтижесі: 2025-2026 оқу жылының жоспарына сәйкес іс-шаралар жоспары құрылып, өту мерзімі, жауаптылар тағайындалып ұйымдастырылды.

«Ұлттық киім-ұлт бейнесі» челленджіне барлық сыныптар белсене қатысты.

5-6 сынып оқушыларының арасында «Асық ату», 6-7 сынып оқушылары арасында «Тоғызқұмалақ» 8-9 сынып «Арқан тартыс», 10-11 сынып «Қол күрес» ұлттық ойындары өткізіліп жеңімпаздар мектепшілік мақтау қағаздарымен марапатталды.

МАД-11 сынып оқушылары арасында «Бауырсақ FEST» сайысы ұйымдастырылды. Сайыс нәтижесінде жеңімпаздар мақтау қағаздармен марапатталды. 13 наурыз Көрісу күніне орай облыстық «Болашақ» дарынды балаларға арналған №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатына қонаққа бардық. Көрісу күнінде сынып жетекшілер оқушыларды әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қарсы алды.

Мектеп оқушылары арасында «» атты күйшілер сайысы өтті. Сайыс барысында оқушылар әр түрлі күй шығармаларын орындады.

Мектебімізде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған “Дәстүрім – салтым” атты жілік сындыру сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Аталған іс-шараға мектебіміздің әкелер клубы белсене қатысып, өзара бақ сынасты. Сайыс барысында қатысушылар жілік сындыру дәстүрімен қатар, қазақтың ұлттық ойындары – қол күрес және арқан тартыс бойынша да күш сынасты.

Іс-шараның көркін қыздырып, қатысушылардың рухын көтерген бұл жарыстар достық пен бірліктің, салт-дәстүрге деген құрметтің айқын көрінісі болды.

Мерекелік шараға арнайы қонақ ретінде “Аманат” партиясының мүшесі Альжанов А. Е. және Балалар мен жасөспірімдер спорт орталығының басшысы Байкенов А. К. қатысып, қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар, іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен мектебіміздің асхана мердігері Ерғалиев А. Н.-ға ұжым атынан зор алғысымызды білдіреміз.

Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдеміз.

Республикалық «Күй күмбірі» челленджіне мектеп оқушылары белсене қатысты.

Бақылау бойынша қорытынды: Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілген.